**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.04 - 05.04.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А.  Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **Дидактикалық ойын: «Зымыран»** Мақсат-міндеттер. Геометриялық пішіндерден зымыран құрастыру. **(математика негіздері, құрастыру)** | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Ғаламшарға зымыран жібереміз". Мақсат-міндеттері: балаларды тіктөртбұрыштан цилиндр, шеңберден конус жасап, зымыранды құрастыруға үйрету. | **«Суретті жалғастыр» ойыны.** Балаларға суреттің үлгісі және жартылай боялған суреті беріледі. **(сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **Үстел үсті ойыны. «Есіңе сақта».** Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын айтады. Педагог балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Tigtag Junior** бейнематериалын көру. "Ғарышкерлер" **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою.<br>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.<br>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ғарышқа саяхат жасау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Планета түрлерімен таныстыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Жер планетасы жайлы әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Жұлдыздар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Ғарышкерлермен таныстыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым** | **1. Қазақ тілі**<br>Педагогтың жоспары | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырырыбы:**»Тиінн | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Гүлденген** | **1.Қоршаған ортаман таныстыру** | **1.Музыка**<br>Педагогтің жоспары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Зымыранның түрлі құрылыстары<br>**МАҚСАТЫ**:Балалардың геометриялық денелер мен пішіндер туралы білімдерін жетілдіру; жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын бекіту.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге машықтандыру; белгілі объектілердің геометриялық пішіндер мен денелерге ұқсастығы жөнінде ұғымдарын дамыту; заттардың өзіне қатысты орналасуын «алыс» и «жақын» сөздерімен белгілеуге үйрету; сәйкес жиын санын белгілеу дағдыларын қалыптастыру;құбылыстар әлеміне қызығушылықтарын дамыту; ой түйінін сөзбен жеткізу алгоритмін игерту, Балалардың  кеңістік пен жазықтықты бағдарлау, көзбен қабылдау, ойлау, | ң арманы» әңгімесін мәнерлеп оқу<br>МАҚСАТЫ:Балаларды «Тиіннің арманы» әңгімесімен таныстыру; әңгіме кейіпкерлерінің (жабайы аңдар) бойындағы адамға тән қасиеттердің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы ертегі ұғымдарын қалыптастыру; «арман» сөзінің мағынасын түсіндіру; табиғаттағы өзгерістер жабайы аңдардың тіршілігіне және адамның өміріне әсері туралы ұғымдар қалыптастыру. Балаларға тиіннің тіршілігі жөніндегі әңгіме мазмұнын мұқият қабылдап, еске сақтап, сұрақтарға жауап беру іскерлігін дамыту; табиғатта болатын өзгерістер жабайы аңдардың тіршілігіне тікелей әсері мен байланысын түсіну білігін қалыптастыру; өз жауаптарында мәтін мазмұнындағы көркемд | **өрік бұтағы**<br>Мақсаты:Балаларға көктемде гүлденген бұтаның бейнесін салу амалына үйрету; суреттің негізі ретінде бормен жапырақтарды, содан соң бояуға малынған саусақты басып, гүлдерді салу техникасын жетілдіру; жеміс ағаштарының көктемде гүлдену құбылысы туралы білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, зейінді, ой-қиялды дамыту; эстетикалық талғамға, бақылағыштыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «көшет», «суық реңк», «жылы реңк» сөздерін енгізу.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркем сөз, миға шабуыл, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, қабылдауға жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, музыкалық рефлексия.<br>Құрал-жабдықтар | **Тақырыбы:Бәйшешек**<br>Мақсаты: Балалардың бәйшешек туралы түсініктерін кеңейту; көктемде пайда болатын бәйшешектің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, дұрыс атай білуге үйрету; наурыз айындағы салт-дәстүрлер мен фольклор туралы білім беру. Балалардың бәйшешекті бақылап отырып, олардың пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Бәйшешек туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Бәйшешекке танымдық-зерттеушілік бақылау жасауға | бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Аурудан аяған күштірек**<br>МАҚСАТЫ:Балаларды Ы. Алтынсариннің «Аурудан аяған күштірек» әңгімесімен таныстыру, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауды үйрету; әңгімедегі Сейіттің әжесінің жанын ауыртпай, ауруға шыдамды болуына балалардың қызығушылығын тудыру; «Дені саудың - жаны сау» мақалының мағынасын түсіндіру.<br>Әңгімедегі көркемсөз арқылы балалардың сөздік қорын молайту; әңгіме мазмұны бойынша зейіні мен қиялын, тілі мен еске сақтау қабілетін дамыту. «Аурудан аяған күштірек» әңгімесіне балалардың қызығушылықтарын ояту; кейіпкер Сейіттің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | елестету қабілеттерін дамыту.<br>Тиянақтылыққа, ойшылдыққа, зейінділікке, мақсатшылдыққа тәрбиелеу .<br>**Сөздік жұмыс**<br>Жаттығуды орындау барысында: «ғарыш әлемі», «геометриялық денелер», «геометриялық пішіндер», «конус», «шар», «цилиндр», «текше», «жиыны», «зымыранның сызбасы» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, сурет (бейнеролик) бойынша әңгімелеу, үлгілі іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, панно алдында және үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, босаңсыту жаттығуы, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Ғарыш кеңістігін білдіретін екі түрлі әуенжазбалары.<br>Ғарыш туралы сурет (бейнеролик).<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш. | еуіш сөздерді қолдану білігін жаттықтыру; жауаптарын құрмалас сөйлем түрінде құрастыруға жаттықтыру, есту зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту; көктем мезгіліндегі табиғи өзгерістерге, көркемсөзге қызығушылықтарын арттыру, байқампаздыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: жыртқыш, репортаж, шапшаң, тапқыр, ақылды, қорқақ сөздерін қосу.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, көркемсөз,<br>жұмбақ жасыру, бейнеролик көрсету, кіріспе әңгімелесу, әңгімені мәнерлеп оқу, суреттер бойынша диалог құру, ритмикалық және пантомималық сөздік жаттығу, суреттер тізбегі бойынша сөйлемді құрастыру сөздік жаттығуы, | **1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Суреттер сериясы:<br>- ағаш көшеттері;<br>- ағаштың жердің бетінде өсіп тұрғаны (тамырлары жоқ);<br>- ағаштың тамырларымен бірге көрінгені.<br>Өрік ағашының суреттері:<br>- гүлдеген өрік бұтағы;<br>- бұтақтағы өріктің піскені.<br>Бор мен мақта таяқшасы арқылы салынған гүлденген өрік бұтағының суреті. Гүлдеген өрікті салу кезеңдері:<br>- түсі қоңыр бормен салынған өріктің бұтағы;<br>- өрік бұтағына ұсақ бұтақтарының қосылып салынғаны;<br>- өрік бұтағының бойына мақта таяқшасымен сирек салынған сары дақтар;<br>- гүлденген өрік бұтағы суретінің толық нұсқасы.<br>Вальс ырғағындағы әуенжазбасы. Көгалда өскен гүлдер мен ұшып жүрген жәндіктердің суреті; суреттегі объектілер түстердің суық және жылы реңктерге боялғаны.Түстердің суық және жылы реңктегі жұптар карточкалары. | қызығушылықтарын ояту; балаларды оқу қызметінде эстетикалық мәдениет пен адамгершілік ережелеріне және туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>"Салт-дәстүрлер және фольклор", "бәйшешек ", "қар ерiдi", "ашық жер", "қармен бiрге", "қардың астынан", "алғашқы гүл", "Бәрекелді!", "Тамаша!" сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан бәйшешек туралы бейнебаян көрсету, пысықтау, "Бәйшешекті тап" дидактикалық ойыны, бөлме гүлін күтіп-баптау ойыны.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР** | шыдамдылығына құрметпен қарауға және ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға, әдепті болуға тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Дені саудың - жаны сау» мақалын, «аурудан аяған күштірек», «аңдаусыз аяғын сындырыпты...», «дыбысын шығармай, қабағын да шытпай» сөз тіркестері мен сөйлемдерін айтқызу арқылы балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Сәлемдесу шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан әңгіменің мазмұнына байланысты суреттер көрсету, әңгімені мәнерлеп оқу, әңгімедегі кейіпкерлердің сөздерін қайталау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Әңгіме желісіне сай суреттерді тап» дидактикалық ойын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Үстелге құрылыс материалдары жинағы: конус, цилиндр, призма, куб, шар.<br>Зымырандарды құрастыруға құрылыс материалдары.<br>Зымыранның екі сызбалы көлемді суреттері.<br>Зымырандардың сызбалы суреттерінің екі нұсқасы (1-нұсқада зымыран құрамындағы әрбір геометриялық пішіннің нақтылы сұлбасы бастырылған; 2-нұсқада зымыранның тұтас сұлбасы көрсетілген):<br>- үш үшбұрыш, үш шаршы, бір-екі дөңгелек;<br>- бір тіктөртбұрыш, екі шаршы, бір үшбұрыш, бір-екі дөңгелек;<br>- бес теңбүйірлі үшбұрыш, екі шаршы, бір-екі дөңгелек;<br>- екі шаршы, бір теңбүйірлі үшбұрыш, екі тікбұрышты үшбұрыш, бір-екі дөңгелек.<br>Сызбалы суреттер:<br>- сол жақта зымыран сызбасы салынған карточка, оң жақта үстіден төменге тізілген геометриялық пішіндер мен оларға қарсы іші бос шақпақтың қатары.<br>- сол жақта зымыран | жаттамақ жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Көтеріңкі көңіл күйді білдіретін әуенжазба.<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Тиіннің көрнекілік суреті.<br>Тиіннің ормандағы тіршілігі туралы бейнеролик.<br>Орташа ырғақты әуенжазба.<br>Тиіннің тіршілігі жөніндегі әңгімелеудің сызбалы кестесі.<br>1. Тиін - терісінің суреті - қызыл сары карточка.<br>1*. Тиін - терісінің суреті - қызыл сары карточка - сұқ саусақ жоғары - тиін - жасыл жапырақтар - тағаштардың арасынан сығалап тұрған тиін.<br>2. Тиін - аяқтарының тырнақтары - ілгек.<br>2*. Тиін - аяқтарының тырнақтары - ілгек - сұқ саусақ жоғары - тиін - қарағай ағашы - қарағайдың бұтасы.<br>3. Тиін - терісінің суреті - жаз - қызыл сары карточка - қыс - | «Көктем келді» әнінің әуенжазбасы.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша | Интербелсенді тақта, құмырадағы табиғи бәйшешек, қар астында өсіп тұрған бәйшешектің бейнебаяны, бәйшешек туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер; бәйшешекті топтауға арналған суреттер, бәйшешек бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Ғаламшарға зымыран жібереміз**<br>мақсаты<br>Балаларға геометриялық пішіндерден зымыранды құрастыруды үйрету; тіктөртбұрыштан цилиндр, жарты шеңберден конус жасап, зымыранды құрастыруды үйрету; цилиндрден зымыранның жанармай багын, көлемі орташа шеңберлерден зымыранның терезелерін жапсыруды үйрету; ғаламшар, зымыран және зымыран құрылымы, ғарышкерлер туралы білімдерін кеңейту; қағаздан құрастыру іскерліктерін дамыту; достыққа, әрдайым көмек қолын созуға тәрбиелеу және де ынталандыру; құрастырмаларын бағалай білу іскерліктерін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызбасы салынған карточка, оң жақта үстіден төменге тізілген геометриялық пішіндер мен оларға қарсы зымыран құрамындағы санына сәйкес сандар қатары. | сұр карточка.<br>3*. Тиін - терісінің суреті - жаз - қызыл сары карточка - қыс - сұр карточка - сұқ саусақ жоғары - тиін - жапалақ - саусақ ерінге.<br>4. Тиін - тиінің тістері - жаңғақ - ауыз.<br>4*. Тиін - тиінің тістері - жаңғақ - ауыз - сұқ саусақ жоғары - пышақ - саусақ ерінге.<br>Емен ағашының басында, бұталарында, діңгегінде, ағаштардың арасында тіршілік ететін аң-құстардың суреті.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | | жетілдіру.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «конус», «цилиндр», «үшбұрыш», «шеңбер», «зымыран», «ғаламшар», «ғарыш алаңы», «оң жақ», «сол жақ», «үстіне», «зымыранның басы», «зымыранның денесі», «зымыранның жанармай багы», «зымыранның терезелері», «ғарышкер» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, өздік іс-әрекет, рефлексия, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>«Жер» ғаламшарының суреттері, хат, зымыранның суреттері, қауіпсіздік ережелері туралы суреттер, «Зымыран» дайын үлгісі, геометриялық<br>пішіндер, қайшы, желім, желім құятын ыдыс, қылқалам, қылқаламға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тіреуше, жайма, жұлдызша үлестірмелі материалдары, Талғат Мұсабаев, Тоқтар Әубәкіров, Юрий Гагариннің суреттері.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **№17**<br>**Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Ұшып, қонып жүр торғай,<br>Жем іздейді.<br>Серігіне табасын жегізбейді,<br>Құттай дәнді қиядан көзі шалып,<br>Байғұс сірә көрмейді өгіздерді.<br>**Бақылау.** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. | **№18**<br>**Көктемде ұзақ, тырна, қараторғайлардың ұшып келуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақтар.<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс.<br>(Қараторғай)<br>Талдың басында,<br>Жемі бар қасында.<br>Там тұр саялы,<br>Достарға аялы. (Құс ұясы)<br>**Бақылау.**<br>Көктемнің келуімен жәндіктердің жандануына байланысты, құстар көбейеді. Қар | **№19**<br>**Құстардың ұяларын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>"Шым тостаған".<br>Далаға кім тастаған?<br>(Құстың ұясы)<br>**Бақылау.** Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Өрт сөндірушілер». (дене шынықтыру)** | **№20**<br>**Ұяны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ши түбінде шым кесе.<br>(Ұя)<br>Тақпақ.<br>Құстар ұя салады,<br>Жасауға жұмсақ ұяны.<br>Жабағы жүнді жияды,<br>Жайлы қып жасап ұяны<br>Жұмыртқасын салады.<br>**Бақылау.** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ | **№21**<br>**Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау (Ақселеу). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Үлбіреген бақбақ,<br>Үлпілдеген аппақ.<br>"Уф!"-десем бақбақ,<br>Ұшасың ғой қаптап.<br>**Бақылау.** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастикалық қабырғада |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Торғай секіреді, ал көгершін жүреді.<br>**Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет». (дене шынықтыру)**<br>Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Еңбек.** "Құстарды тамақтандыр". **(еңбек дағдылары)**<br>Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға өзіне ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру. **(дене шынықтыру)** | ерігенде ұзақтар құрт-құмырсқаны іздеп жерді шұқылайды. Олардың қимылдарына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу.<br>**Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын). (дене шынықтыру)**<br>Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыс. Көшеттерді отырғызу. Балаларды бақта жұмыс істеуге баулу, гүлзар қазу, суару. Еңбекке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>«Үй».<br>Балаларды 2-3 рөлге бөлу, ойын барысында бірлесу дағдыларын қалыптастыру. | Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы.<br>Сорғышты шайқау.<br>Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар. «Гараж».**<br>Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру. | тауып, ұяның жанында ән айтып отырады.<br>**Қимылды ойын. «Кім шақырды?» (дене шынықтыру)**<br>Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату.<br>Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау.<br>Есте сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу.<br>Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>«Ғарышкер». **(құрастыру)**<br>Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау.<br>Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу. | 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру. Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Гүлзарға гүл тұқымын себу. **(еңбек дағдылары)**<br>Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты карауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Құммен ойын.<br>Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Өгіз» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елі**<br>"Ай мен Күн". | **Желі рөлді ойын**<br>"Ұшақпен саяхат" | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтың жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік**<br>Далада жүрген жануарларға жақындама! |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Лесбек Әбдіғани<br>**"Ай мен Күн".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Ай мен Күн" ертегісінің мазмұнын | Қуанышқызы Диляра<br>**Үстел үсті ойыны «Бір сөзбен ата»**<br>Балаларға суреттер беріледі, бір сөзбен ғана атауын | Қанат Мариям<br>**«Бес саусақ».**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар, | Мухтархан Айша<br>**Тақпақ жаттау.**<br>Тоқтар, Талғат ағадай,<br>Мен Ғарышкер боламын. | Қуанышұлы Мансур<br>**Жаңылтпаш жаттайық**<br>Ғарышкер ұшты ғарышқа.<br>Ғарышқа ұшты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталап, сұрақтар қою, бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | атайды.<br>Мысалы.<br>"Қалам, қағаз, кітап, дәптер" - Мектеп құралдары.<br>"Теледидар, радио, компьютер, ұялы телефон" - Техника құралдары.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортаң терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Ғарышқа ұшып<br>Айдындай,<br>Қанат жайып қонамын<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | ғарышкер.<br>Айтшы, ғарыш алыс па?<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №17 | №18 | №19 | №20 | №21 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға | | | | |

| | |
|---|---|
| **ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Саусақ жаттығулары".<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог) | Кеңес.<br>«Су тасқыны». | Кеңес.<br>"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Қыңырлықты шешу жолдары". |

Тексерген_______________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04 - 12.04.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | «Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Құлыншақ шауып келеді". Мақсат-міндеттер: балаларды қылқаламмен шауып келе жатқан құлыншақ бейнесін салу амалдарына үйрету; құлыншақтың дене бөлшектерін салуда дене пропорцияларын сақтауға талпындырту; құлыншақ бейнесін қағаздың ортасына, мөлшері кішкентай емес етіп, салуға машықтау. | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Аквариумдағы балықтар". Мақсат-міндеттер: балаларды көк түсті шеңбердің үстіне, сары түсті шаршыларды бүктеп, оригами әдісі бойынша аквариумдағы балықтар бейнесін құрастырып, балықтарды өз қалаулары бойынша, балдырларды тігінен, тастар дайындамаларын қатар бойымен тізбектеп жапсыруға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Көктемде жер бусанды". Мақсат-міндеттер: балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Ақылды егінші". Мақсат-міндеттер: балаларды "Ақылды егінші" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. | **Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».** Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады. Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді. **(қоршаған ортамен танысу)** |

<table>
<tr><td>Ертеңгілік жаттығу</td><td colspan="5">Жалпы дамыту жаттығулары (қысқа секіргіштермен)<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіргішті жоғары көтеру; 2 - б.қ. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - секіргішті жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - б.қ. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіргішті жоғары ұстау.<br>1 - 2 - еңкейіп, секіргішті аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіргішті алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіргішті ұстап, алдына қою.<br>1 - 2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіргіш жерде.<br>Секіргішпен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргіш төменде (секіргіштің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіргішті алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады."<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>«Игі істер қоржыны»<br>Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға</td><td>Туған жер туралы өлеңдермен танысу, жаттау.<br>(сөйлеуді дамыту және</td><td>«Әдепті сөздер шеңбері»<br>Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы</td><td>"Алтын микорофон" арқылы тақырыпқа байланысты сұхбат</td><td>Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер жаттау.<br>(сөйлеуді дамыту және</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады. **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **көркем әдебиет)** | қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | жүргізу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **көркем әдебиет)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1. Қазақ тілі** Пелагогтың жоспары бойынша **2.Дене шынықтыру** Пелагогтың жоспары бойынша **3.Математика негіздері** **Тақырыбы:** Бес төлді жарыстыррайық **МАҚСАТЫ**:Балаларды ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттарды салыстыру амалдарын білуге бейімдеу; теңдік және теңсіздік жайындағы түсініктерді тиянақтау. **МІНДЕТТЕР** Балаларға ұзындықтың бес түрлі көлемі туралы ұғымдар қалыптастыру; беттестіру мен тұстастыру, санап салыстыру тәсілдері жөнінде түсініктерін тиянақтау; | **1:Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Сарғыш марғау – қонақжәй» тақпағы бойынша әңгімелесу. МАҚСАТЫ:Балаларға « Сарғыш марғау қонақжай» тақпағын таныстыру; «қожайын», «үй иесі», «қонақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру; қонақжайлық, қонақ күту және қонаққа бару әдебіне қатысты ережелерді пысықтау. Балалардың тақпақ идеясы мен мазмұнын қабылдау және түсіну біліктерін жетілдіру; тақпақтың мазмұны бойынша әдептілікке байланысты | **1.Сурет салу** **Тақырыбы: Біздің көше** Мақсаты:Балаларға түрлі-түсті фломастерлер арқылы бірнеше қабатты, әртүрлі үйлерді салу амалдарына үйрету; суретті тіктөртбұрышты салудан бастап, сұлбасының бойын айқасқан сызықтармен безендіріп, сызықтардың айқасқан орнында пайда болған шақпақтардың ішін шахмат тәртібінде бояу техникасына үйрету; Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымдарды | **1.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Төлдер Мақсаты:Балаларды төрт түліктің тіршілік ету ерекшеліктерімен таныстыру; қолда өсірілетін төрт түлік түрлері мен үй жануарларына күтім жасау және олардың пайдасы туралы түсініктерін кеңейту; төрт түліктің төлдерін бір-бірінен ажыратып, атай білуге үйрету; төрт түлікті бағып-қағу да халықтық өнер екендігі туралы білім беру. Балалардың төрт түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу | 1. **Музыка** Пелагогтың жоспары бойынша **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** МАҚСАТЫ Балаларды «Түлкі мен қырғауыл» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, мәтіндегі кейіпкерлердің сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауды үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылауға дағдыландыру; көктемде ұшып келетін құстар туралы білімдерін кеңейту. Ертегі мазмұны арқылы балалардың зейіні мен тілін, еске сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту; ертегі жанрына қызығушылығын қалыптастыру, белсенділігін арттыру; өзара достық қарым-қатынас пен ізгілік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «саны қанша, сонша», «тең», «артық», «кем» ұғымдарын бекіту; екі түрлі екі заттың биіктігіне қарамай, олардың құрамындағы геометриялық пішіндердің санына көңіл аударып жиынын айту, санмен белгілеп, салыстыруды үйрету; үй жануарлары төлдерінің тіршілігі туралы ұғымдарды анықтау.<br>Қолдың ұсақ моторикасын, зейін, көзбен мөлшерлеу, еске сақтау қабілеттерін, ойлау мен ой-өрісін дамыту. Балаларды үй жануарларына қамқор болуға, ұғымталдыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сөздік жұмыс**<br>Жаттығуды орындау барысында: «ұзындығы бес түрлі жолақ», «ең қысқа», «сәл ұзындау (қысқалау)», «одан да ұзындау (қысқалау)», «одан да сәл ұзындау (қысқалау)», «ең ұзын», «кем», «артық», «тең», «биік», «аласа» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер** | толық жауаптар құрастыруға үйретуді жалғастыру; өлең жолдарының мазмұнын бір шығарма ретінде қабылдау іскерлігін дамыту; құлақпен есту, елестету, қабылдау, ойлау қабілеттерін, эмоцияларын дамыту. Бір-бірімен әдепті қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, көркемсөз бен ауыз әдебиеті үлгілеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: қожайын, үй иесі, әдеп, әдет сөздерін қосу. Әдептілік ережелерін білдіретін сөз тіркестерін айтқызу арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, таңғажайып сәт, тақпақты мәнерлеп оқу, логикаға арналған сөздік жаттығу, мнемокестелер негізінде тақпақ мазмұнын пысықтау, әңгімелесу, тақпақтың мәтінін әуенжазба ырғағымен айту және | пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; тиянақтылыққа, зеректікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «көпқабатты», «жүргінші» сөздерін енгізу.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Бейнені жаңғырту жаттығуы, көркем сөз, сурет бойынша әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, зейінге жаттығу, оқу қызметін пысықтау, мақтау, ойын рефлексиясы.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Көрнекі заттық суреттер: піл, автобус, жүргінші, ит, пирамида ойыншығы, велосипед, анасы мен баласы, бағдаршам, бірқабатты үй, көпқабатты үйлер, | дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік малдың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Төрт түлік малдың төлдеріне танымдық-зерттеушілік бақылау жасауға қызығушылықтарын ояту; балаларды оқу қызметінде достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және жануарларға деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>"Өнер көзі - халықта", "төрт түлік", "сиыр", "жылқы", "түйе", "қой", "ешкі", "есек", "Бәрекелді!", "Тамаша!" сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан төрт түлік малдың төлдері туралы бейнебаян көрсету, пысықтау, "Төлдерін ата" дидактикалық ойыны.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, төрт түлік малдың төлдері | ережелеріне, құстарды аялауға тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Көктем жаршысы - құстар», «Түлкі мен қырғауыл», «Биылғы заман бұрынғы емес!», «Біреуге біреу зорлық қылмасқа!», «Түлкі мен тауық бірге жүрсін деген», «Көгершін мен қаршыға бір ұяға жұмыртқаласын деген» сөйлемдерін айтқызу арқылы сөйлеу тілін дамыту.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан ертегі желісін көрсету; ертегіні мәнерлеп оқу, ертегідегі кейіпкерлерді сахналау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, ертегі мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Көктемде келетін құстарды тап» дидактикалық ойыны.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, көктемгі табиғаттың суреті; ойыншық қырғауыл, түлкі мен қырғауылдың суреті, ертегі мазмұны бойынша слайд немесе мазмұнды суреттер; қырғауыл бейнеленген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркемсөз, панно және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында, кілемде дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Полька ырғағында жылдам ойналатын әуенжазбасы.<br>Бес үй жануарлары төлдерінің жарысқаны туралы мазмұнды сурет.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш.<br>Көрнекілік жеке суреттер: құлын, бұзау, лақ, қозы, Ақтөс күшік.<br>Ұзындығы бес түрлі, түстері әртүрлі, жолақтардың көрнекілік кескінді пішіндері.<br>Сызбалы суреттер:<br>- бір қатарда, ең биіктен бастап ең аласаға дейін бес төлдің кескіні;<br>- жоғарыдан төмен әрқалай орналасқан ұзындығы бес түрлі көлденең жолақтар;<br>- жоғарыдан төмен саты тәртібінде орналасқан, ең | қимылды жаттығулар жасау, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Балалар үшін көңілге жағымды<br>әуенжазба қосылады.<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>«Сарғыш марғау қонақжай» тақпағы бойынша мазмұнды суреттер:<br>1. Сарғыш марғаудың үйі таза жиналып, дастарқаны жаюлы тұрған сурет.<br>2. Марғаудың қонақ күтуі туралы сурет.<br>3. Марғаудың қонақтардың сыйлықтарын алғаны туралы сурет.<br>4. Марғаудың шашылып жатқаны үйі туралы сурет.<br>5. Марғаудың үйінің тазаланғаны туралы сурет.<br>1-мнемокесте.<br>Сөрелерде ыдыстар.<br>Тартпаларда қасықтар.<br>Жылтыраған ағаш еден.<br>Жайылған кілем.<br>Гүл терезеде, терезенің астында.<br>2-мнемокесте. | жүк машинасы. Сюжеттік сурет; мазмұнында автобус, жүргінші, ит, велосипед, анасы мен баласы, бағдаршам, көпқабатты үйлер, жүк машинасы сияқты объектілер бар. Түрлі-түсті, биіктігі әртүрлі үйлердің суреттері. Фломастерлермен салынған биіктігі әртүрлі үйлердің сурет үлгісі. Биіктігі әртүрлі түрлі-түсті үйлердің суретін салу кезеңдері:<br>- сол жаққа көлденең салынған тіктөртбұрыш;<br>- оң жаққа тіке салынған тіктөртбұрыш;<br>- тіктөртбұрыштардың ішіне тіке сызықтар қатарлары салынған;<br>- тіктөртбұрыштардың ішіне көлденең сызықтар қатарлары салынған; шақпақтар;<br>- тіктөртбұрыштар (үйлер) ішіндегі кейбір шақпақтар әртүрлі түстерге боялған. Ырғақтығы әртүрлі әуенжазбалары. Жол ережелеріне екі сюжетті сурет; біреуінде ереже сақталмайды.<br>**Мүсіндеу** | туралы бейнебаян, төрт түлік малдың төлдері туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер; төлдерді топтауға арналған суреттер, төлдер бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Төлдер бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Қызғалдақ гүлін жасаймыз**<br>мақсаты<br>Балаларға қағазды бүктеу әдісі арқылы гүлдің басын, гүлдің сабағы мен жапырағын қағаз бетіне жапсырып, қызғалдақ гүлін құрастыруды үйрету; гүл және оның құрылымы туралы мәлімет бере<br>отырып, гүлдерді күтуге, жұлмауға тәрбиелеу; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; өз-өздеріне баға беру дағдыларын дамыту; шығармашылық қабілеттерін жетілдіре отырып, достыққа, көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз | таңбалауыштар.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Қырғауыл бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қысқадан бастап ең ұзынға дейінгі ұзындығы бес түрлі көлденең жолақтар;<br>- ең қысқадан бастап ең ұзынына дейін бірінің үстіне бірі беттестіріліп салынған ұзындығы бес түрлі көлденең жолақтар.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Құдықтың суреті.<br>Ырғақты, темпі орташа, №26 «Құдықтан су алайық» әуенжазбасы.<br>Сызбалы суреттер:<br>- карточканың сол жағында екі шаршы мен үшбұрыштан құрылған үйшік, төменгі жағында үш саны;<br>карточканың оң жағы бос;<br>- карточканың сол жағы мен оң жағында суреттер мен сандар бірдей;<br>- карточканың сол жағы өзгермейді, оң жақта бір шаршы мен бір үшбұрыштан құрылған аласа үйшік, төменде екі саны;<br>- карточканың сол жағы өзгермейді, оң жақта тіктөртбұрыш пен үшбұрыштан құрылған биіктігі бірдей үйшік, төменде үш саны; | Тиін, күшіктер, көжек.<br>Жаңғақ, қуырдақ, жапырақ.<br>3-мнемокесте.<br>Мысықтың мияулағанын білдіретін 2 бірдей пиктограммасы, үшінші - ренжігені.<br>Торайдың пиктограммасы, қол маңдайға.<br>Мысықтың мияулағанын білдіретін екі бірдей пиктограммасы, үшінші - ренжігені.<br>«Керемет!» дегенді білдіретін қолдың екі түрлі қалпы.<br>«Ұнайды - ұнамайды» дамытушы жаттығуына негіз болатын суреттер тізбегі:<br>баланың бетінде шоколад дақтары;<br>ауызды сүлгімен сүрту;<br>ойыншықты сындыру;<br>ойыншықты құрастыру;<br>төсектің үстінде секіру;<br>кілем үстінде әдемі билеу;<br>кілем үстінде отырып балмұздақ жеу;<br>үстел басында балмұздақты қасықпен жеу;<br>дауылпазды қатты соғу, қатты күлу;<br>ксилофонды соғу, күлімсіреу;<br>диванның үстіне шығып айғайлау (екі бала); | **2.Музыка**<br>Пелагогтың жоспары бойынша | тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «көктем», «гүлдер», «қызғалдақ», «қағазды бүктеу» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, өздік іс-әрекет, көрме ұйымдастыру, кейіпкермен қоштасу, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Себетке толы гүлдердің суреті, кейіпкер Дана , қызғалдақ гүлінің дайын үлгісі, гүл сабағының қиылған үлгісі, жасыл түсті екі шаршы, қызыл түсті шаршы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма, майлық және гүлді орналастыру үшін ақ қағаз қайшы.<br>3. **Дене шынықтыру**<br>Пелагогтың жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - карточканың сол жағы өзгермейді, оң жақта шаршы, үшбұрыш, дөңгелектен құрылған биіктігі аласа үйшік, төменде үш саны. Бес төлдің қатарда тұрған ретінің көрнекілік сызбасының екі нұсқасы. | диванның үстінде үлкен кітапты қарау (екі бала). Көңілді ырғақты әуенжазба.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Пелагогтың жоспары бойынша | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **№22**<br>**Жәндіктердің ұшуын бақылау (Көбелек, маса, ара). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Тісі жоқ, ауызы бар,<br>Атқарар ісі бар.<br>(Ара)<br>Тақпақ.<br>Дастарқанды аралады,<br>Ет пен майды жағалады.<br>Өмір сүре берсінші деп,<br>Өлтіргем жоқ бал араны.<br>**Бақылау.** Күн жылына жәндіктер пайда бола бастайды. Жәндіктерді танып аттарын атау. Қоңыз, маса, көбелектер және оларды салыстыру. Жәндіктерді аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Көбелектер, көлбақалар,** | **№23**<br>**Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Кіп кішкентай қауғабас,<br>Шашы түссе дауламас.<br>(Бақбақ)<br>**Бақылау.** Бақбақ гүлінің сары басты екенін бақылай отырып, көп күлтелерін күндіз ашылып, кешке жақын күлтелерінің жабылып тұратынын балаларға түсіндіру.<br>**Қимылды ойындар: «Түсті автокөліктер». (**<br>Өз бетімен атрибуттар мен көмекші-заттарды таңдай білуін, шартты ойын әрекетін орындауға талаптануын мадақтау. | **№24**<br>**Терек ағаштарының жапырақтарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болар еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң егуге,<br>Сындырма жұрттың еккенін.<br>М. Қуанышбеков.<br>**Бақылау.** Терек ағашынын жапырағын ақ қайыңнын жапырақтарымен салыстыру, айырмашылықтарын бақылау.<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Допқа дейін жеткіз».** | **№25**<br>**Ересек балалардың ойындарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ<br>«Балабақша».<br>Балабақша базарлы үй,<br>Қаладағы ажарлы үй.<br>Шаттығы бар шуақты,<br>Өз үйіміз сияқты.<br>**Бақылау.** Балалардың киімдеріне назар аудару (куртка, шапка, бессаусақ т.б.), балаларға қыста қалай киінгендерін естеріне түсіру. Балаларға бұрынғыдан қарағанада көбірек серуендеуге болатынын байқату. | **№26**<br>**Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбек етпесең, елге өкпелеме,<br>Егін екпесең, жерге өкпелеме.<br>Тақпақ.<br>Бітік егін өсіріп,<br>Еліне бақ сыйлаған.<br>Егінші ісін дос біліп,<br>Ол-халыққа сыйлы адам.<br>**Бақылау.** Көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында балалардың түсінігін қалыптастыру. Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын балаларға түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Арқан тартыс». (дене шынықтыру)**<br>Күш-жігерді дамыту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тырналар». (дене шынықтыру)**<br>Жәндіктердің өмірінен балалар достық қатынас тілектерін қолдануға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Гүлзарды суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Өздігінен өсімдіктерді суаруға үйрету. Гүлдер мен құралдарға ұқыпты қарап, жұмыстан кейін орындарын жинауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. Сумен ойнау.**<br>Балалар арасында достық қарым- қатынастарын дамыту және оларға көмектесу. | **Еңбек.** Алаңдағы жұмыстар. **(еңбек дағдылары)**<br>Гүлзарға гүлдердің тұқымдарын егеміз. Егілген тұқымдарға су құямыз. Тұқымдарды еккенде арақашықтарын сақтау, еңбекке баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.** «Белдіктермен ойындар».<br>Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру. | **(дене шынықтыру)**<br>Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Ағаш түптерін әктеу. **(еңбек дағдылары)**<br>Ағаш түптерін әктесек одан құрт-құмырсқа аулақ болатынын ескерту. Балаларды табиғатты қорғауға, бұтақтарды сындырмауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | Күннің жылынғанын, ауа райының қалай өзгергенін бақылау.<br>**Қимылды ойындар. «Батыл балалар». (дене шынықтыру)**<br>Жіпке тартып өрмелеу: балаларды батырлыққа, күштілікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыстар: арамшөпті жұлып, ағаштардың түптерін қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Балалармен арамшөпті жұлып, оны бір орынға жинау, бірге жұмыс жасауға үйрету. Таза, жинақылыққа, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Барлығына бірге топтасып ойындар ойнату. | қарсыласын өз жағына тартқанда шыдамдылық таныту.<br>**Еңбек.** Гүлзарға гүл отырғызу. **(еңбек дағдылары)**<br>Гүл отырғызатын орынды таңдап алып, оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету (еңбек құралдарын қолдану, жұмыс орнын таза,ұқыпты ұстау).<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойыншық пен рөлдерді бөлісуде мәдениеттік білдіріп, келіспеушілік тұстарын анықтап, өз ойын іске асыра білуге тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Ғажайып бақ» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Ертегілер елі<br>«Шұбарала тауық» | Желі рөлді ойын<br>«Емхана» | Фудбол үйірмесі<br>Педагогтің жоспары бойынша | Би үйренеміз<br>Педагогтің жоспары бойынша | Қауіпсіздік<br>«Білмейтін дәндікті ұстама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Жұмагелді Ерасыл еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды: | Серік Шахнур шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады: | Сапарбек Ернар қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады: | Тұрсын Алдияр өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды: | Роберт Эльвира жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды: |
| **Серуенге** | Мақсат-міндеттер: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №22 | №23 | №24 | №25 | №26 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пенептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама. | «Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | «Гүлдер» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Баланың эмоциялық жағдайы. |

Тексерген______________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.04 - 19.04.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Қайық". Мақсат-міндеттер: балаларды желкенді қайық мүсіндеуге үйрету; заттың жиектері мен бетін мұқият тегістеуді, шеттерін әсемдеуге үйрету. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Гүлденген өрік бұтағы". Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі гүлдеген бұтаның бейнесін салу амалына үйрету; суреттің негізі ретінде бормен жапырақтарды, содан соң бояуға малынған саусақты басып, гүлдерді салу техникасын жетілдіру. | **«Мен 10 заттың атауын білемін …»** Ойын барасы. Бұл топтық ойын. Оқушылар шеңберге отырғызылады. Допты шеңбер бойынша бір-біріне бере отырып, әр оқушы бір сөзден айтады: «Мен … ағаштардың … 10… атауын … білемін… қайың – бір, самырсын – екі, емен – үш» деп ары қарай жалғастырады. Жалғастыра алмаған оқушы ойыннан шығады. | **«Бағбандар мен гүлдер»** Топ екі шағын топқа бөлінеді және тәрбиеші ойын ережелерін түсіндіреді: «Егер топта тұрған гүлдер ұзақ уақыт бойы суарылмаса-олар қурап қалады. Бірақ бүгін біз суды қажет етпейтін гүлдер өсетін ерекше баққа барамыз. Егер олар ұзақ уақыт бойы өздері туралы мейірімді және сыпайы сөздерді естімесе, қурап қалады. Бір шағын топ қурап қалған гүлдер, ал екіншісі қурап қалған гүлдерге көмек көрсетуге шақырылған бағбандар болады. Бағбандар бақшаны аралап, әр гүлге сыпайы сөздер айту керек, содан кейін гүлдер біртіндеп гүлдей бастайды. Балалар | **Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».** Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады. Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді. **(зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | рөлдермен ауысады, ойын жалғасады. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (қысқа секіргіштермен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіргішті жоғары көтеру; 2 - б.қ. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - секіргішті жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - б.қ. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіргішті жоғары ұстау.<br>1 - 2 - еңкейіп, секіргішті аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіргішті алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіргішті ұстап, алдына қою.<br>1 - 2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіргіш жерде.<br>Секіргішпен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргіш төменде (секіргіштің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіргішті алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғ** | "Көктемгі ағаштар" | "Гүлденген ағаштар" | Ағаштың түрлері, | Ағашқа байланысты мақалдар | Тақырыпқа байланысты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ан іс-әрекетке дайындық** | тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | қасиеттері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | қызықты мәлімет айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**3. Матнматика негіздері**<br>**Тақырыбы:Биіктігі әртүрлі ағаштар саябағы.**<br>**МАҚСАТЫ**:Балаларда түрлі заттардың биіктігі, жуандығы туралы түсінік қалыптастыру; жиын сандары туралы түсініктерді бекіту.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларға биіктігі төрт түрлі ағашты бір-бірінен биіктігі бойынша ажыратуды, бір қатарға рет-ретімен тізіп, салыстыруды үйрету; салыстыру нәтижесін (биік-аласа) сөзбен айтуды үйрету; | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Тиіннның арманы»тақырыбында тақпақты әңгімелеу**<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды «Тиіннің арманы» әңгімесімен таныстыру; әңгіме кейіпкерлерінің (жабайы аңдар) бойындағы адамға тән қасиеттердің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы ертегі ұғымдарын қалыптастыру; «арман» сөзінің мағынасын түсіндіру; табиғаттағы өзгерістер жабайы аңдардың тіршілігіне және адамның өміріне әсері туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>Балаларға тиіннің тіршілігі жөніндегі әңгіме мазмұнын мұқият қабылдап, еске сақтап, сұрақтарға жауап беру іскерлігін дамыту; табиғатта болатын өзгерістер жабайы аңдардың тіршілігіне | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**Тікұшақ<br>**мақсаты**<br>Балаларға тікұшақты қарындашпен салу техникасын үйрету; қағаз бетінің ортасына, әртүрлі сопақшаларды үйлесімді орналастырып, тікұшақ бейнесін салу амалдарын игерту; әскери қызмет, көліктер туралы білімдерін пысықтау; көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; ептілікке, шыдамдылыққа, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «корпус», «қозғалтқыш» сөздерін енгізу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Көркем сөз, тақпақ мазмұны бойынша | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**Әуе кемесі<br>мақсаты<br>Балаларға әуе кемесі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы әуе көлігі екені жөнінде білімдерін кеңейту; әуе кемесін басқа әуе көліктерінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру; әуе кемесіне қызығушылықтарын қалыптастыру; әуе кемесінің жалпы бөліктерін атауға жаттықтыру; ғарыш туралы ұғым беру. Әуе кемесінің ерекшеліктері мен жалпы бөлшектерін атау арқылы балалардың сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып атап, еске сақтау, ойлау, зейінін дамыту; әуе кемесіне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын ояту. Оқу қызметінде бір-біріне достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу. | **1.Музыка**<br>Педгогтың жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Таза бұлақ<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды «Таза бұлақ» әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі кейіпкерлердің сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; әңгіме кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру; жылға туралы білімдерін кеңейту. Әңгіме мазмұны арқылы балалардың зейіні мен тілін, есте сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту; адамгершілік тақырыбындағы шығармаларға қызығушылықты қалыптастыру. Балалардың оқу қызметінде белсенділігін арттыру; жолдастық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Жылғалардан су ақты», «Таза бұлақ», «Шыныдай жылтылдап тұрған», «Әдемі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ағаштардың биіктігіне және жуандығына эквивалент ойыншықтарды сәйкестеу амалдарын игерту; тамшылардың тамғанын құлақпен есту арқылы дыбыстардың жиын санын белгілеуге жаттықтыру; ағаштардың түрлері, құрылым ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын, дыбыстар мен бейнелерді қабылдау, қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың өсімдіктерге күтім жасауға баулу, зеректікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Балаларға: «қылқан жапырақты ағаштар», «жапырақты ағаштар», «ең аласа», «биіктеу», «одан да биік», «ең | тікелей әсері мен байланысын түсіну білігін қалыптастыру; өз жауаптарында мәтін мазмұнындағы көркем деуіш сөздерді қолдану білігін жаттықтыру; жауаптарын құрмалас сөйлем түрінде құрастыруға жаттықтыру, есту зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту; көктем мезгіліндегі табиғи өзгерістерге, көркемсөзге қызығушылықтарын арттыру, байқампаздыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. СӨЗДІК ЖҰМЫС Балалардың сөздік қорына: жыртқыш, репортаж, шапшаң, тапқыр, ақылды, қорқақ сөздерін қосу. ӘДІС-ТӘСІЛДЕР Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, көркемсөз, жұмбақ жасыру, бейнеролик көрсету, кіріспе әңгімелесу, әңгімені мәнерлеп оқу, суреттер бойынша диалог құру, ритмикалық және пантомималық сөздік | әңгімелесу, бейнежазбаны көрсету, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, пантомима жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, мақтау, ойын рефлексиясы. **Құрал-жабдықтар** **1.КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР** Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Әртүрлі әскери техниканың сюжетті суреті. Тікұшақтың әртүрлі қозғалысы туралы бейнежазба. Пішіні бормен салынған, іші акварельді бояумен боялған тікұшақ суретінің үлгісі. Тікұшақтың қате салынған нұсқалары. Сурет салуға қажетті бор, акварельді бояу, қылқалам, тіреуше, сүлгі, ыдысқа құйылған су, төсеніш, таза | Сөздік жұмыс Ғарыш, саяхат, әуе кемесі, алдыңғы бөлігі, денесі, қанаты, қозғалтқыш, артқы бөлігі сөздерін пайдалану. Әдіс-тәсілдер Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан әуе кемесінің ұшырылуы туралы бейнебаянды көрсету, пысықтау, «Қандай көлік қайда жүреді?» дамытушы жаттығуы. Құрал-жабдықтар **1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР** Интербелсенді тақта, әуе кемесі тақырыбы бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер; әуе кемесі бейнеленген таңбалауыштар. **2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИА ЛДАР** Әуе кемесі бейнеленген таңбалауыштар. **2.Құрастыру** **Тақырыбы: Ғалам шарға саяхат** мақсаты Балаларға геометриялық пішіндерден зымыранды құрастыруды үйрету; тіктөртбұрыштан цилиндр, жарты шеңберден конус жасап, зымыранды құрастыруды үйрету; | таза бұлақ», «Болсаң осы бұлақтай бол!», «Бұл жазылған ақыл сөз екен!», «Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта!» сөздерін пайдалану. ӘДІС-ТӘСІЛДЕР Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан әңгіме желісін көрсету; әңгімені мәнерлеп оқу, әңгімедегі кейіпкерлерді сахналау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Бұлақтың суретін тап» дидактикалық ойыны. ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР **1. Көрнекілік материалдар.** Интербелсенді тақта, көктемгі табиғаттағы бұлақтың суреті; жаңбыр қуыршақтары, әңгіменің мазмұны бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер. **2. Үлестірмелі материалдар.** Бұлақ бейнеленген таңбалауыштар, жаңбыр қуыршақтары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | биік», «одан да аласа» сияқты сөздерді айтқызу<br>арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркемсөз, панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балаларды ң іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Бұлақтардың аққанын, құстардың ән шырқағанын білдіретін дыбыстардың жазбалары.<br>Көрнекілік суреттері: шыршаның бұтағы, еменнің бұтағы, қарағайдың бұтағы, теректің бұтағы.<br>Көрнекілік кескінді суреттері: шырша, қарағай, терек, емен.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік | жаттығу, суреттер тізбегі бойынша сөйлемді құрастыру сөздік жаттығуы, жаттамақ жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Көтеріңкі көңіл күйді білдіретін әуенжазба.<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Тиіннің көрнекілік суреті.<br>Тиіннің ормандағы тіршілігі туралы бейнеролик.<br>Орташа ырғақты әуенжазба.<br>Тиіннің тіршілігі жөніндегі әңгімелеудің сызбалы кестесі.<br>1. Тиін - терісінің суреті - қызыл сары карточка.<br>1*. Тиін - терісінің суреті - қызыл сары карточка - сұқ саусақ жоғары - тиін - жасыл жапырақтар - тағаштардың арасынан сығалап тұрған тиін.<br>2. Тиін - аяқтарының тырнақтары - ілгек.<br>2*. Тиін - аяқтарының тырнақтары - ілгек - сұқ саусақ жоғары - тиін - қарағай ағашы - қарағайдың бұтасы. | қағаздың беті.<br>Тікұшақтың суретін салу кезеңдері:<br>- тікұшақтың корпусы;<br>- тікұшақтың корпусы мен «құйрығы»;<br>- тікұшақтың қозғалтқыштарын тірейтін бөлшектер, дөңгелегі;<br>- тікұшақтың тіректеріне қосылып салынған қозғалтқыштар;<br>- тікұшақтың терезесі, есігінің бөлшектері;<br>- тікұшақтың боялған суреті.<br>Тікұшақтың әртүрлі бағыттарға ұшқаны туралы суреттер тізбегі.<br>Қимылдарында тікұшаққа ұқсастығы бар объектілер туралы оқу мультфильмдерінен үзінділер.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша | цилиндрден зымыранның жанармай багын, көлемі орташа шеңберлерден зымыранның терезелерін жапсыруды үйрету;<br>ғаламшар, зымыран және зымыран құрылымы, ғарышкерлер туралы білімдерін кеңейту;<br>қағаздан құрастыру іскерліктерін дамыту;<br>достыққа, әрдайым көмек қолын созуға тәрбиелеу және де ынталандыру;<br>құрастырмаларын бағалай білу іскерліктерін жетілдіру.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру;<br>сөйлеу тілін «конус», «цилиндр», «үшбұрыш», «шеңбер», «зымыран», «ғаламшар», «ғарыш алаңы», «оң жақ», «сол жақ», «үстіне», «зымыранның басы», «зымыранның денесі», «зымыранның жанармай багы», «зымыранның терезелері», «ғарышкер» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, өздік іс-әрекет, рефлексия, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинақтары.<br>Сызбалы суреттер:<br>- бір қатарда әрқалай тұрған шырша, қарағай, терек, емен ағаштары;<br>- қағаздың сол жағында қараған мен шырша, біраз бос орыннан кейін, қағаздың оң жағында емен мен терек;<br>- бір қатарда ең аласасынан бастап ең биігіне дейін тізілген төрт ағаш;<br>- бір қатарда ең биігінен бастап ең аласасына дейін тізілген төрт ағаш;<br>- бір қатарда ең аласасынан бастап ең биігіне дейін тізілген төрт ағаштың әрқайсының артында көлеміне сәйкес ойыншық кескіні;<br>- бір қатарда ең биігінен бастап ең аласасына дейін тізілген төрт ағаштың әрқайсының артында көлеміне сәйкес ойыншық кескіні.<br>Вальс ырғағындағы | 3. Тиін - терісінің суреті - жаз - қызыл сары карточка - қыс - сұр карточка.<br>3*. Тиін - терісінің суреті - жаз - қызыл сары карточка - қыс - сұр карточка - сұқ саусақ жоғары - тиін - жапалақ - саусақ ерінге.<br>4. Тиін - тиінің тістері - жаңғақ - ауыз.<br>4*. Тиін - тиінің тістері - жаңғақ - ауыз - сұқ саусақ жоғары - пышақ - саусақ ерінге.<br>Емен ағашының басында, бұталарында, діңгегінде, ағаштардың арасында тіршілік ететін аң-құстардың суреті.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Түрлі түсті төрт таңбалауыш (фишка).<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | | балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>«Жер» ғаламшарының суреттері, хат, зымыранның суреттері, қауіпсіздік ережелері туралы суреттер, «Зымыран» дайын үлгісі, геометриялық пішіндер, қайшы, желім, желім құятын ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма, жұлдызша үлестірмелі материалдары, Талғат Мұсабаев, Тоқтар Әубәкіров, Юрий Гагариннің суреттері.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Бала санына байланысты геометриялық пішіндер, қайшы, желім, желім құятын ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма, жұлдызша үлестірмелі материалдар.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ағаштарды тербейік» әуенжазбасы.<br>Тамшылардың әртүрлі жылдамдықпен және ырғақпен тамғаны туралы әртүрлі әуенжазбалары. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **№27**<br>**Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Тырсылдап түседі,<br>Жер бетіне жетеді.<br>Жер бетіне жеткен соң,<br>Ғайып болып кетеді.<br>(Бұршақ)<br>**Бақылау.** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты, ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел).<br>**Қимылды ойын. «Допты дәлдеп тигіз». (дене шынықтыру)**<br>Дұрыс дәлдеп допты түзу лақтыру арқылы | **№28**<br>**Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Жұрттың бәрі соны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді.<br>(Күннің көзі)<br>**Бақылау.** Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса, соғұрлым жылуды көп береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Тәжірибе: қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру.<br>Шешім қабылдау.<br>**Қимылды ойын. «Күн мен түн». (дене** | **№29**<br>**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Келсе де даусы құлаққа,<br>Өзін ешкім көрмейді.<br>(Жел)<br>**Бақылау.** Жел қай жақтан болып тұрғанын бақылау (салқын жел, жылы жел, самал жел, қатты жел).<br>Тәжірибе: жапырақтарды жел қалай ұшырып әкететінін аңықтау.<br>**Қимылды ойын. «Кім ұшты?» (дене шынықтыру)**<br>Сөздің мағынасына қарай ойынды ойнау, мұқият тыңдау.<br>**Еңбек.** Тоты құстың торын жуамыз, | **№30**<br>**Аспанды бақылаймыз. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Бір түкті кілем,<br>Бір түксіз кілем. (Аспан)<br>**Бақылау.**<br>Аспанды бақылай отырып бұлт жоқ, аспан ашық ,ақша бұлт, көгілдір екенін бақылаймыз. Аспанның өзгерістерін, күннің ашық болып, жылу шашып тұрғанын, бұлттың жоқтығын бақылау.<br>**Кимылды ойын. «Ұшқыштар». (дене шынықтыру)**<br>Балалардың біліктілігін бекіте отырып, бір-бірін итермей, орынға таласпай, сөздерді анық, мәнерлеп айтқызу. Мәтінге сай сөздерді қайталату. | **№31**<br>**Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Түрі кірер даланың.<br>(Жаңбыр)<br>Тақпақ.<br>Жаңбыр, жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Жауған жері шөп болсын.<br>**Бақылау.** Аспандағы бұлттардың көшіп қозғалып жүргенін бақылай отырып, бұлттанып күннің түнеруіне бақылау жасаймыз (бұлтты, күңгірт, сұр бұлт, бұлыңғыр бұлт, жаңбыр жауы мүмкін). Жыл мезгілінің өзгеруіне, күннің күркіреуіне назар аудару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойынды жалғастыру, арақашықтықты сақтау.<br>**Өз бетімен ойнау.**<br>«Сабынды сумен ойнау».<br>Табақшаға көпіршікті жинап, дөңгелек көпіршіктерін жіберу немесе дайын көпіршіктерді қолданып үрлеп, ойнауды жалғастыру. | **шынықтыру)**<br>Ойын әрекетін орындауға талаптануын мадақтау.<br>**Еңбек.** Аулада жұмыс. Балалар ойнайтын құмның жан-жағын жинап, жоғары көтеру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларға ойнауға жағдай жасау. Ертегіден көріністер көрсету, бағыт-бағдар беру. | балаларды өз бетінше торды жуып, сүртіп тазалауға үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балалардың ойлау қабілетін кеңейту. Бір жағдайға байланысты ойынды жандандырып, ұжыммен жұмыс жасау. | **Еңбек.** Алаңда ойын бұрышындағы құмдарға су құямыз. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр түрлі көлемді ыдыстарды қолданып ойыншықтар жасау. | Тыңдау.<br>Жаңбырдың дауысын тыңдаймыз.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыс. Тротуарды, жол жиегін әктеу, сыпыру, жинау.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Қағаздан қайықтар жасап, жырақтағы шалшық суларға жүзгіземіз. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Кішкентай тас пен құмырсқа» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау .<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Ертегілер елі<br>«Өгіз» | Желі рөлді ойын<br>«Мұғалім» | Фудбол үйірмесі<br>Педагогтің жоспары бойынша | Би үйренеміз<br>Педагогтің жоспары бойынша | Қауіпсіздік<br>«Сынық әйнекті ұстама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Роберт Эльвира<br>еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды: | Тұрсын Алдияр<br>шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады: | Жұмагелді Ерасыл<br>қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады: | Серік Шахнур<br>зінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды: | Сапарбек Ернар<br>жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №27 | №28 | №29 | №30 | №31 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>«Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы». | «Ата-аналарға арналған 10 кеңес». | Психолог кеңесі:<br>«Бала тілін дамыту». | Әңгіме жүргізу. | Кеңес:<br>«Саусақ жаттығулары. Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.» |

Тексерге_________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.04 - 26.04.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттері: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** | **"Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. **(еңбек дағдылары)** | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)** 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою.<br>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.<br>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көкісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік.<br>Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу.</td><td>Тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасыру.<br>(сөйлеуді дамыту, көркем</td><td>"Бір шаңырақ" тақырыбында әңгімелесу.</td><td>"Ұлттар достығы" туралы әңгіме, сұхбат жүргізу.<br>(сөйлеуді дамыту, қазақ</td><td>"Ұлттар" туралы суреттер көрсетіп, ұлттармен таныстыру.</td></tr>
</table>

| | (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) | әдебиет) | (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) | тілі) | (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1. Қазақ тілі**<br>Педагогтың жаспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жаспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Алан мен Дананың мерекеге дайындалуы. Геометриалық пішіндер<br>**мақсаты**<br>Балалардың ұғымындағы дөңгелек, шаршы, сопақша, тіктөртбұрыш пішіндері туралы білімдерін жетілдіру; шама эквиваленті туралы түсініктерді тиянақтау; халықтар достығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың сопақша мен тіктөртбұрыш, дөңгелек пен шаршы сияқты геометриялық пішіндерін беттестіру, қалыңдығын саусақпен өлшеу арқылы салыстыру дағдыларын жетілдіру; өз ойларын іс-тәжірибеде дәлелдеу іскерлігін ұштау; паннода үлгі мен өз нұсқасын салыстыру, қателерді түзетуді үйрету; өз дене мүшелерінің оң және сол жақтарын ажыратуды бекіту; зейін, еске сақтау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін | 1.Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:Төрт түлік мал туралы тақпақ жаттау<br>АҚСАТЫ<br>Балаларға төрт түлік мал туралы тақпақты таныстыру; қазақтың төрт түлік малы туралы ұғымдарды қалыптастыру; малды күту, малдың құты, қасиеті туралы баяндау; адамның көктем өзгерістеріне байланысты еңбегі туралы мағлұматтар беру. Балаларға қазақ халқында қалыптасқан төрт түлік малдың атауын еске сақтап, олар туралы тақпақты айтуға қызығушылықтарын арттыру, тақырып бойынша диалогтарға белсенді қатысу, толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру; құлақпен есту зейінін, еске сақтау, ойлау, қабілеттерін дамыту. Балаларға төрт түлік малды қастерлеуге тәрбиелеу, дұрыс, сыпайы сөйлеу мәдениетінің негіздерін салу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: төрт түлік мал, ойсыл қара, қамбар ата, шопан ата, зеңгі баба сөз тіркестерін қосу. Көгал, көк шөп, көк жайлау сөз тіркестерін айтқызу | 1.Сурет салу<br>Тақырыбы:Әдемі шәйнек<br>мақсаты<br>Балаларға шәйнектің сұлбасын татар халқының «гүл» оюларымен қылқаламның ұшы арқылы безендіру техникасын таныстыру; көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдар жиынтығын пысықтау; зейінін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту; достыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі» мақалын енгізу.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау, ою үлгілерін бақылау, көркем сөз, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, | **1.Қоршаған орамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**Көктемде жер бусады<br>мақсаты<br>Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру; көктемгі табиғаттың сұлулығын эстетикалық тұрғыдан қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; көктем құбылыстарын ажырата білуді, байқампаздыққа үйрету; Жер - Ана туралы ұғым беру. Көктемгі табиғаттың ерекшеліктері мен құбылыстары арқылы балалардың сөздік қорын молайту, тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атағанда еске сақтауы мен ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Көктем құбылыстарына қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне, табиғатты аялау мен құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс | **1.Музыка**<br>педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Әке мен бала<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларға «Әке мен бала» әңгімесінің мазмұнын таныстыру, әңгімедегі оқиғаға зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдауды үйрету; шығарма мазмұнындағы сөздердің мағынасын түсіндіру; шағын әңгіме кейіпкерлерінің сөздерін балаларға қайталату; шаңырақ туралы түсінік беру. Әңгіме мазмұны арқылы балалардың зейіні мен сөйлеу тілін, дербес ойлауы мен еске сақтау қабілетін дамыту. Балалардың әңгімеге қызығушылықтарын ояту; адамгершілікке, белсенділікке тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Бір шаңырақ астында», «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың!», «Азға қанағат ете |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, әдептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «геометриялық пішіндерге ұқсайды», «шаршы дөңгелекті жауып тұр», «тіктөртбұрыш сопақшаны жауып тұр», «ең қалың», «жұқалау», «одан да жұқалау», «ең жұқа», «қалыңдау», «одан да қалыңдау», «оң қолым», «сол қолым» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, қимылды жаттығу, көркемсөз, панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Баяу ырғақты әуенжазбасы қосылады.<br>Қолдарында әртүрлі пішіндерге ұқсайтын жалаулар мен шарларды ұстаған Алан мен Дана бейнеленген суреттер сериясы:<br>- үстерінде күнделікті киетін киім үлгілері;<br>- үстерінде балалар дұрыс тапқан қалталары | арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу және сөздік жұмыс, тақпақты мәнерлеп оқу, тақпақтың мазмұны бойынша үзінділерді жаттау жаттығуы, тақпақтың мазмұнын пысықтау диалог жаттығулары, артикуляциялық жаттығу, көркемсөз, тақпақты мнемокесте негізінде қайта мәнерлеп оқу, пантомима негізінде сөздік жаттығу, тақпақты жатқа айту және мазмұнын сахналау жаттығуы, зейінге жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Жалдыбайдың «Қара жорға» атты күйінің аудиожазбасы.<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Төрт түлік малдың, жайлауда жайылып жүргені туралы мазмұнды сурет.<br>Төрт түлік малдың көрнекілік суреттері: түйе, жылқы, қой, сиыр.<br>З, Қ, О, Ш әріптерінің көрнекі суреттері.<br>Орташа ырғақты әуенжазба. | бағалау, дамытушы ойын-жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, мақтау, ойын рефлексиясы.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Қызықты оқиғаларды болжайтын әуенжазбасы.<br>Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың «гүл» оюларының үлгілері. Әртүрлі гүл оюлары салынған шәйнектердің үлгілері. Шәйнек ортасына қылқаламмен салынған гүл оюының үлгісі.<br>Татар халқының «гүл» оюының қарапайым үлгілері. Қағаздың беті, төсеніш, тіреуше, қылқалам, акварельді бояу, ыдысқа құйылған су, сүлгі. «Гүл» оюымен безендірілген шәйнектің суретін салу кезеңдері:<br>- қағаз ортасында дөңгелек;<br>- шәйнектің тұмсығы қосылған;<br>- шәйнектің құлағы | Жер - Ана, көктемде жер бусанды, қар еріді, жылғалардан су ақты, құстар ән салды, күн жарқырады, ағаштар бүршік жарады сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Сәлемдесу шеңбері, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан көктем көріністері туралы бейнебаян және суреттер көрсету, пысықтау, «Көктемгі орманға саяхат» ойын рефлексиясы.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көктем тақырыбы бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер; күн бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**Отан қорғаушыларға сыйлық<br>мақсаты<br>Балаларға ысқыш қалдық материалынан танк құрастыруды үйрету; үлкен ысқыштың үстіне көлемі орташа ысқышты қойып, шеңберлерді үлкен ысқыштың астына қатар | білмесең, көптен де құр боласың!» сөздерін айтқызу<br>арқылы балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Сәлемдесу шеңбері, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан әңгіменің бейнебаянын көрсету, әңгімені мәнерлеп оқу, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіктөрбұрышты, дөңгелек пішінді киімдердің үлгілері.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Көрнекілік суреттері:<br>- қыз бен ұлдың киімдерінің екі үлгісі; қалталары дөңгелек және сопақша пішінді;<br>- қыз бен ұлдың сол киімдерінің екі үлгісі, бірақ қалталары шаршы және тіктөрбұрыш пішінді.<br>Геометриялық пішіндердің көрнекілік нақпішіндері (ашық хаттар): үлкен, кішкентай шаршылар мен тіктөртбұрыштар.<br>Сызбалы суреттер:<br>- екі киім үлгісіндегі сопақша мен дөңгелек қалталар тіктөртбұрыш пен шаршы пішінді ашық хаттармен жабылған;<br>- екі киім үлгісіндегі тіктөртбұрышты және шаршы пішінді қалталар тіктөртбұрыш пен шаршы пішінді ашық хаттармен жабылған.<br>Екеуі де көрінетін екі пішіннің беттестірілген сызбалары:<br>- шаршы үстінде дөңгелек, тіктөртбұрыштың үстінде сопақша.<br>Ырғақты, темпі орташа, №28 «Оңға-солға иілеміз» әуенжазбасы. | Төрт түлік мал туралы тақпақтың мазмұнына сай сызбалы мнемокесте.<br>1)<br>- жасыл шақпақ + аяқпен адымдау;<br>- төрт түлік мал + қолдың маңдайға тиіп тұрғаны;<br>- төрт түлік мал + қолдың маңдайға тиіп тұрғаны;<br>- тік тұрған адамның суреті + иықтарын көтерген адамның суреті.<br>2)<br>- түйе + құм үстінде кеме;<br>- О әрпі + тік тұрған адамның суреті;<br>- О әрпі + тік тұрған адамның суреті;<br>- тау + жол + таудың шыңы.<br>3)<br>- жылқы + тік тұрған адамның суреті+ екі қолмен амандасу;<br>- Қ әрпі + қара көздің суреті;<br>- Қ әрпі + қара көздің суреті;<br>- төмен майысқан ағаш + көрсеткі + жылқы.<br>4)<br>- қой + жол + екі алақан қырымен қосылып тұр;<br>- Ш әрпі + өңтаңба (еркелеу);<br>- Ш әрпі + өңтаңба (еркелеу);<br>- үстел + шапалақ соққан алақандар.<br>5)<br>- сиыр + гүлдер + бас бармақ жоғары;<br>- З әрпі + қара нүкте;<br>- З әрпі + қара нүкте;<br>- малға қоршау + сұқ саусақ | қосылған;<br>- шәйнектің табаны мен қақпағы қосылған;<br>- «гүл» оюының бастамасы;<br>- «гүл» оюын салудың жалғасы;<br>- суреттің аяқталған нұсқасы.<br>Ғажайыптар әлемін білдіретін ырғақты әуенжазбасы.<br>Әртүрлі ыдыстардың сызбалы суреттерінің бірнеше нұсқалары: ыдыстардың көлеңкелері мен бояулы пішіндері. Шәйнектен әртүрлі сусындардың құйылғаны туралы бірнеше суреттің нұсқасы.<br>Мүсіндеу<br>2.Музыка педагогтің жоспары бойынша | бойымен қою арқылы танк шынжыр табаны деп қабылдау; танк және оның құрылымы туралы білімдерін толықтыра отырып, балалардың қиялы мен шығармашылығын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; танк пен оның көлеңкесін табу, танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «қалдық материал», «ысқыш», «танк», «үстінен қойдым», «құрастырдым», «жұлдызша» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркемсөз,әңгімелесу, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қалыңдығы төрт түрлі кітаптар.<br>Сызбалы суреттер:<br>- саусақтардың ең қалың кітапты өлшеген қалпы;<br>- саусақтардың жұқалау кітапты өлшеген қалпы;<br>- саусақтардың одан да жұқалау кітапты өлшеген қалпы;<br>- саусақтардың ең жұқа кітапты өлшеген қалпы;<br>- қағаз бетінің сол жағынан оң жаққа қарай саусақтар ең қалыңды (жұқалауды, одан да жұқаны, ең жұқаны) өлшеу қалпында, маркермен белгіленген төрт нұсқа. | жоғары.<br>6)<br>- қосылған екі алақан + иық көтерген адамның суреті + шапалақтау;<br>- төрт түлік мал + сұрақ белгісі;<br>- төрт түлік мал + сұрақ белгісі;<br>- сұқ саусақ жоғары<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жаспары бойынша | | **МАТЕРИАЛДАР**<br>«Танк» суретін көрсету, танк әскери көлігінің дайын үлгісі, үлкен және орташа екі дана ысқыш, мақта таяқшасы, қара түсті ермексаз, қара түсті шеңберлер, жұлдызша қиылған үлгісі.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **№32**<br>**Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақтар.<br>Әуеден күбі түсті,<br>Күбінің түбі түсті.<br>(Күннің күркіреуі)<br>Жөңкейді бұлттар дүркіреп,<br>Жауады жауын күркіреп<br>Аспанның жүзі жарқ етті,<br>Ақ найза жерге сарт етті. | **№33**<br>**Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Күнді жабады,<br>Жаңбыр болып жауады.<br>(Бұлт)<br>Бақылау.<br>Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. | **№34**<br>**Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Аспанда әсем белбеуді,<br>Алып белге буынсам.<br>(Кемпірқосақ)<br>Бақылау.<br>Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау.<br>Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту.<br>Табиғат құбылыстарының сұлулығына | **№35**<br>**Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл)<br>Мақал-мәтел.<br>Қалған көлге бақа басшы.<br>Болжам.<br>Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады.<br>**Бақылау.** Су айдынының өмірін бақылауға үйрету | **№36**<br>**Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағымды қап, балық!<br>Жұмбақ.<br>Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Тірегі бар, ізі жоқ,<br>Қанаты жоқ ұшпайды<br>Су астында қыстайды.<br>(Балық)<br>**Бақылау.** Судың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Найзағай)<br>**Бақылау.** Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек.<br>**Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»( тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын | Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру)**<br>Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру.<br>**Еңбек.** Бақшадағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Велосипед тебу. **(дене шынықтыру)**<br>Велосипед тебуді үйрету, | сүйіспеншілікпен қарау.<br>**Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру)**<br>Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Асфальтқа бормен сурет салу.<br>Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру. | (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суәлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді ); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)**<br>Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.<br>**Еңбек.** Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне | астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру)**<br>Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру. | тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу. | | тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру. | тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау.<br>Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Ертегілер елі «Достық»** | Желі рөлдщі ойын «Өртсөндіруші» | Фудбол үйірмесі<br>Педагогтың жоспары | Би үйренеміз<br>Педагогтың жоспары | Қауіпсіздік<br>«Далада жүрген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | | юойынша | бойынша | мысықты ұстама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Тұрсын Алдияр еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды: | Жұмагелді Ерасыл шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады: | Роберт Эльвира қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады: | Серік Шахнур өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды: | Сапарбек Ернар жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №32 | №33 | №34 | №35 | №36 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Суреттер көрмесін ұйымдастыру. | Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | Үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". |

Тексерген_____________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.04 - 03.05.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А.  Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)**<br>**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Отан қорғаушыларға сыйлық". Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: ысқыштан танкті құрастыруға үйрету.<br><br>Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | «Ұлттар достығы» тақырыбында фотосуреттер қарастыру. Суреттер бойынша әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: ұлттар достығы тақырыбында бояу бояту. **(сурет салу)** | | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Алтын күн аспаны". Мақсат-міндеттер: балалардың жер бетінде тіршілік пен бейбітшілік болуы үшін Күннің қажеттігі туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>«Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. | **Ритмикалық жаттығулар**<br>Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (марш жасайды)<br>Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді)<br>Біз жауынгер баламыз. (қолдарын бас тұсына қояды)<br>Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (марш жасайды)<br>Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын бас тұсына қояды)<br>Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын бас тұсына қойып, марш жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Ертеңгілік** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жаттығу** | 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою.<br>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.<br>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас!<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға | **«Достық» шеңбері.**<br>Дос болам десең,<br>Досыңды сыйла, қымбаттым! | | "Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем** | **«Қайырлы таң».**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>Жарты шеңбер жасап отырады. Бәрі бірге айтады.<br>Ел, бейбітшілік, туған жер тақырыптарына байланысты мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Досыма сонда,<br>Досымен ғана қымбатпын.<br>- Ол - қуаныш, махаббат және достық шуағы.<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Жеңіс күнін тойлаймыз тақырыбында сұхбат жүргізу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | **әдебиет)** | Ертемен, ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң!» - деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>«Қайырлы күн!» - тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін:<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>Ұлы ардагерлер көрмелерін ұйымдастырып, хикаяларын айтып беру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Әскери көліктерге арналған ені әртүрлі жолдар<br>**Мақсаты**:Балаларды заттарды ені бойынша салыстыру амалдарымен<br>таныстыру; кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап, бағдарлауға машықтандыру. | 1.Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:Жауынгерлер маршы. Тілдің дыбыстық мәдениеті: «ң» дыбысы<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды дауыссыз [ң] дыбысымен таныстыру; буын мен сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; әскери қызмет ұғымы туралы негізгі мағлұматтар беру. Балаларға [ң] дауыссыз дыбысының артикуляциясына үйрету; [ң] дыбысын буында және сөз құрамында анық айтуды үйрету, мәтіннен әскери қызметке байланысты сөздерді тауып атауды үйрету; зейін мен түйсікті, фонематикалық есту, | | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**Ағаштар бүршік жарды<br>Мақсаты:Балаларға ағаштар мен көшеттер туралы түсінік беру; балабақша аумағындағы ағаштар мен бұталарды ажыратып, оларды атай білу қабілетін қалыптастыру; ағаш пен көшеттің айырмашылықтарын түсіндіру. Ағаш пен көшеттің негізгі ерекшеліктерін айтқызып, сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; ағаштар мен бұталарды бір- | **1.Музыка**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Көктем келді гүл алып<br>МАҚСАТЫ:Балаларды Ө.Тұрманжановтың «Көктем келді гүл алып» өлеңімен таныстыру, көктем мезгіліне тән құбылыстарды сипаттайтын көркемсөзді қайталап айтуды үйрету және жаттатқызу; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеттері<br>Балалардың заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік бекіту; көлемі біркелкі заттарды бір-бірінің үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, сол заттарды өсу және кему ретімен салыстырып, нәтижелерін сын есімдермен белгілеуге талпындыру; заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуге бейімдеу; алға-артқа, оңға-солға сияқты берілген бағытта қозғалуға, кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауға<br>үйрету; геометриялық пішіндерді танып айту дағдысын ұштау; шама баламалары (эквиваленттері) жөнінде ұғымдарды тиянақтау.<br>Құлақпен есту, көзбен қабылдау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларды отансүйгіштікке, тапқырлыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Жаттығуды орындау барысында: «әскери көлік», «ең тар», «сәл кеңдеу | ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың Қазақстанның әскери<br>қызметкерлеріне қызығушылық тарының негізін салу;<br>тәртіліптікке, шымдамдылыққа, ұйымшылдыққа,<br>отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: жауынгер, марш, әскери қызмет, алаң сөздерін<br>қосу, тақырыпқа байланысты аң-құстың, жауынгерлердің қимылын сипаттайтын, құрамында [ң] дыбысы бар сөздерді айтқызу<br>арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, кіріспе әңгімелесу, артикуляциялық жаттығу, дыбыстық жаттығу, бейнероликтегі қимылдарды сөзбен сүйемелдеу, сөздік жұмыс негізінде жаттамақ жаттығуы, сергіту сәті, диалогтар сөздік жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Көңілді ырғақты әуенжазба.<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Bilimland Kids<br>«Зообақ» бейнеролигі. | | бірінен ажыратып, атау арқылы есте сақтауы мен ойлау қабілетін, зейіні мен байқампаздығын дамыту.<br>Балалардың ағаштар мен көшеттерге<br>қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген жолдастық қарым-қатынас пен тәртіп ережелеріне, өсімдіктер әлемін аялауға, құметтеуге тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балаларға "Көктемгі ағаштар", "ағаштар мен көшеттер", "тамыр", "дің", "сабақ", "бұтақ", "жапырақ", "бүршік", "қабық", "қалың", "жуан", "жіңішке", "биік", "аласа" сөздерін айтқызып, сөздік қорын толықтыру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан көктемгі ағаштар мен көшеттер туралы суреттер көрсету, пысықтау, ойын рефлексиясы.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1.КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, ағаштар мен көшеттер тақырыбы бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер. Ағаштар мен көшеттер бейнеленген | қалыптастыру;<br>көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру;<br>табиғаттың гүлденуі туралы ұғымдарын кеңейту. Өлең шумақтары арқылы балалардың зейіні мен тілін, ойлауы мен еске сақтау қабілетін, шығармашылығын дамыту. Балалардың көктемгі табиғат құбылыстарына қызығу шылықтарын ояту; өзара мәдени қарым-қатынас пен<br>әдептілікке тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Табиғаттың гүлденуі», «Көктем келді гүл алып», «Құстар келді жыр алып», «Қыр басына шығайық», «Көктем тілін ұғайық», «Қызғалдақты терейік» өлең жолдарын айтқызу арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан көктемге арналған бейнебаян көрсету, өлеңді мәнерлеп оқу, өлеңдегі көркемсөзді<br>қайталау, миға шабуыл, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (тарлау)», «одан да кеңдеу (тарлау)», «ең кең», «еніне бір көлік сияды», «себебі, жолақ тарлау (кеңдеу, ең тар, ең кең)» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркемсөз, панно алдында зерттеу жаттығуы, белсенді қимылды жаттығу, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамыту жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Әскери көліктің жүріп жатқанын білдіретін дыбыстардың аудиожазбасы.<br>Әскери көліктер шеруінің суреті.<br>Көрнекілікке панно, көрсеткіш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Ені төрт түрлі, ұзындығы бірдей төрт жолақтың көрнекілік кескіндері.<br>Көлемдері бірдей әскери | Оркестр дауылпазы бастаған әскери марш әуені және әскери техника дыбыстарының жазбалары.<br>Марш ырғағындағы, орташа ырғақты әуенжазба.<br>Жаттығуды ұйымдастыруға тірек суретті қолдануға болады.<br>1. Табақшада ботқа - көрсеткі - бидай.<br>Түн ортасы, бұлт, бұлтта - жүрек - көрсеткі - ұйқыдағы жауынгер.<br>2. Жауынгер - шырша түбінде қоян - өзара айқасқан сызықтар.<br>Қару - қоян, қасқыр - қиғаш өзара айқасқан сызықтар.<br>3. Жауынгер - түн - қолдың шынтақта бүгілгені.<br>Түн - күн - топ адамдар - қолды шынтақтан бүгу.<br>4. Жауынгер - турник - жауынгердің жаттығу жасағаны.<br>Жауынгер маршта - 1, 2, 3 сандары - үлкен саусақ жоғары.<br>Ң дыбысы артикуляциясының сызбалы суреті.<br>Суреттер тізбектері: үй, ойыншық, автобус, ҚР Мемлекеттік Туының суреті, орман, қала, қошақан, жейде, әже, мәшине, ана, дос.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | | таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**Дос болайы, көбелек<br>мақсаты<br>Балаларға есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруды үйрету; көбелектер жайлы білімдерін толықтыру; қағаздың бетін көз мөлшерімен тең ортасынан екіге бөлу, қағаз бетінде бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; көбелектерді түстеріне сәйкес гүлдерге отырғызу арқылы түстерді ажырату дағдыларын жетілдіру; жіпке байланған көбелектерді үрлеу арқылы балалардың тыныс алуларын жақсарту.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «көбелек», «есептеу таяқшалары», «денесі», «қанаттары», «мұртшасы», «оң жақ», «тігінен», «көлденең», «сол жақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, тыныс алу жаттығуы, дидактикалық | кері байланыс, өлең мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, көктемге арналған бейнебаян; күміс жаңбыр қуыршағы.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Гүлдер бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көліктердің төрт көрнекілік кескіні.<br>Сызбалы суреттер:<br>- бір қатарда, солдан оң жаққа қарай, әркелкі<br>ретпен көлденең жатқан ұзындығы бірдей, ал ені түрліше төрт жолақ;<br>- бір қатарда, солдан оң жаққа қарай, ең кең жолақтан бастап ең тар жолаққа дейін бір-біріне тұстастырылып, әркелкі ретпен көлденең жатқан ұзындығы бірдей, ені түрліше төрт жолақ;<br>- ең кеңінен бастап ең тарға дейінгі кезекпен, бірінің үстінде бірі беттестіріліп жатыр;<br>- әрқалай орналасқан бірнеше әскери көліктің кескіндері;<br>- қатарда ені төрт түрлі тұстастырылған жолақтың ең тар жолағының үстінде бір көлік;<br>- қатарда ені төрт түрлі тұстастырылған жолақтың сәл кеңдеу жолағының үстінде екі көлік;<br>- қатарда ені төрт түрлі тұстастырылған жолақтың одан да кеңдеу жолақтың үстінде үш көлік;<br>- қатарда ені төрт түрлі тұстастырылған жолақтың ең | | | ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Көбелектің суреттері, шыны ыдыстағы көбелектер, көбелектерге арналған алаңқай, «Дос болайық, көбелек!» дайын үлгісі, дидактикалық ойын материалы, есептеу таяқшалары, қағаз.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңдеу жолағының үстінде төрт көлік.<br>«Денсаулық маршы» әуенжазбасы.<br>Бірінің үстіне бірі беттестіріліп салынған бірнеше геометриялық пішіндердің сызбалар жинақтары:<br>үшбұрыш – дөңгелек;<br>шаршы – дөңгелек;<br>тіктөртбұрыш – сопақша;<br>шаршы – үшбұрыш;<br>тіктөртбұрыш – шаршы;<br>тіктөртбұрыш – дөңгелек – үшбұрыш;<br>сопақша – үшбұрыш – дөңгелек;<br>шаршы – дөңгелек – үшбұрыш.<br><br>**2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Ені төрт түрлі, ұзындығы бірдей төрт жолақтың үлестірмелі кескіндері. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **№37**<br>**Бағбанның жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем** | **№38**<br>**Шырша, қарағай, жөке ағаштарын бақылау. Жапырақты ағаштармен салыстыру. (қоршаған** | | **№39**<br>**Бақаны бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **№40**<br>**Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Жеміс біткен бау-бақша<br>Желі жайды жан-жаққа.<br>Бақта құс та сайрады,<br>Құйқылжытып сан-саққа<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып.<br>Арам шөпті жұламын.<br>**Бақылау.** Үлкендердің жұмысы жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Жұмысқа қажет құрал-саймандармен таныстыру (тырнауыш, күрек, сукұйғыш т.б.). Бағбанның жұмысының нәтижесіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Біз көңілді балалар». (дене шынықтыру)**<br>Құрдастары және ересектермен жағымды эмоционалдық қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек.** Гүлдерді күтуде бағбанға көмек. **(еңбек дағдылары)**<br>Тапсырмаларды орындауға үйрету, жұмысты ұжыммен келісіп орындауға үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар.** Доппен ойнау. **(дене шынықтыру)**<br>Доппен ойнау әдістері: | **ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Үстінде жасыл тоны бар.<br>Балаларды қуантар.<br>(Шырша)<br>**Бақылау.**<br>Балаларды ағаштардың құрылымын салыстыруға, қарастыруға қызықтыру.<br>Шырша мен қарағай, олардың белгілерін ажыратуға үйрету, бұтақтардың қалыңдығы мен орналасуы (қарағайда бұтақтары жоғары, шыршада төменіне дейін). Олардың бояулары (қарағай – ақшыл, шырша - жасылдау), жапырақты және жөке ағаштарын салыстыру, ерекшеліктерін көрсету. Жөке ағаштары жіңішке, ұзын және жапырақтары ине тәріздес қатты келеді.<br>**Қимылды ойын. «Бөркіңді тап». (дене шынықтыру)**<br>Жоғарыға секіруге үйрету; физикалық сапасын шапшаңдығын, ептілігін ұйымдастыру қажеттілігін жалғастыру.<br>**Еңбек.** Жөке ағаштарының маңын тазарту.<br>Жөке ағаштарын қурап түскен қылқанын жинастыруға, | | Көркем сөз.<br>«Бақа».<br>Бақа, бақа, балпақ,<br>Басың неге жалпақ,<br>Темір телпек көп киіп,<br>Басым содан жалпақ<br>Бақа, бақа, балпақ,<br>Көзің неге тостақ<br>Қарауылда көп қарап,<br>Көзім содан тостақ,<br>**Бақылау.** Бақаны бақылау, оның ерекшеліктерін айту, түсі жасыл және дақтары бар, шөпте көрінбейді, саусақтарының арасындағы бос тері, жүзуге көмек береді, секіреді, жәндіктермен қоректенеді. Бақаның өмірі жайлы білімді кеңейту.<br>**Қимылды ойын. «Өз үйшігіңді тап». (дене шынықтыру)**<br>Әртүрлі қыймыл қозғалыстарды жасау жөніндегі білгілерді бекіту: жүгіру, жүру, секіру, белгі бойынша қимылдау (өз үйшіктерін табу), кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Еңбек.** Балаларды еңбек етуге, үлкенге көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Қағаз | Жұмбақ.<br>Екі басы жұдырықтай,<br>Ортасы қылдырықтай.<br>(Құмырсқа)<br>Көркем сөз.<br>Ұзын мұрты құмырсқа.<br>Бара жатты жұмысқа<br>Допты алып қолына,<br>Қойдым оның жолына<br>Оң жағына қарады,<br>Сол жағына қарады.<br>«Биік тау,» - деп ойлады.<br>**Бақылау.** Құмырсқалар ұсақ, нәзік, еңбексүйгіш жәндіктер. Олар жердің астында өмір сүреді. Өмір сүретін жерін «илеу» деп атайды. Илеуді бұзуға болмайды, өйткені құмырсқалар бізге пайдалы.<br>**Қимылды ойын: «Туннель ішімен еңбектеу». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Құмды қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Жұмысқа жауапкершілікпен қарауға, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** Құмнан шаһар жасау.<br>Балалар ақылдасып не салу керек екенін шешеді. Ұжым болып жұмыс істеу дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары лақтыру, ұстап алу, тебуді бекіту, жылдамдыққа баулу. | ағаштарға жақсы қарауға ұмтылдыру. Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларға өз орнын сақтауға үйрету. Ойын жүрісінде қажет болған жағдайда 2-3 рөлдерді де орындауға үйрету; қарым-қатынас ережелерін білу, тең дәрежеде болу және басқару. | | бақамен ойнау.<br>Өз бетінше ойнай білу қабілеттілігіне тәрбиелеу. | арттыру. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Алтын санаған аштан өледі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"<br>Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,** | **Ертегілер елі**<br>«Көгершін» | Желі рөлді ойын<br>«Егінші» | | Би үйренейік<br>Педагогтің жоспары бойынша | Қауіпсіздік<br>«Итті ұстама» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптарды қарау және басқалар)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Талғат Адина шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады: | Ғани Алиасқар рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады. | | Ғани Алиасқар кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды: | Дархан Адина өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №37 | №38 | | №39 | №40 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және** | Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқалар)** | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Кеңес: «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары». | | Жоба: "Ұлы Отан ардагерлері". Балалардың майданға қатысқан ата-әжелерінің фотосуреттерін әкеліп, көрме ұйымдастыруға тапсырма беру. | «Майдангер аталар» атты тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастыру. |

Тексерген_______________